

5. Социальная политика Казахстана по преодолению социального неравенства и развитию человеческого потенциала населения страны, развивается в направлении сокращения денежных трансфертов в доходах домохозяйств и роста социальных натуральных трансфертов (коллективных услуг индивидуального потребления) в конечном потреблении домохозяйств. В то же время расходы на коллективные услуги занимают большую долю в конечном потреблении, но идет выравнивание статей расхода. Единственной негативной тенденцией, выявляемой на макроуровне, является сокращение доли НООДХ в конечном потреблении домохозяйств, что говорит о незначительном развитии сектора и отсутствии регулярного институционального партнерства между госсектором и НООДХ в аспекте оказания услуг домашним хозяйствам.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Методологические положения по системе национальных счетов. – Алматы, 2006.
- 2 Экономика общественного сектора: учебник. – М.: ИНФРА-М, 2010.
- 3 Притворова Т.П. Развитие социально-ориентированной рыночной экономики в Казахстане. – Караганда, 2001.

ТҮЙІН

Г.К. Байбашева,

Т.П. Притворова экономика ғылымдарының докторы
Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

Қоғамдық игіліктерді ұсыну бойынша мемлекеттің қызметті талдау және бағалау

Бұл мақалада Қазақстан экономикасының қоғамдық секторының үйдегі шаруашылықтардың табысы мен шығындарын қалыптастыруға қатысу мәселелері қарастырылады. Авторлар ұлттық есепшілік жүйесінің 93 әдістемесін пайдаланып, оның негізінде үйдегі шаруашылықтар секторы табысының серпіні мен көрсеткіштер құрылымын бағалайды.

Түйінді сөздер: үй шаруашылығының тыбысы мен шығындары, жалпы ішкі өнім жекеменшілік және ұжымдық қызметтер.

RESUME

G. Baibasheva,

T. Prityorova, Doctor of Economic Sciences
Innovative University of Eurasia (Pavlodar)

The analysis and assessment of activity of the state on granting the public benefits

The article deals with the participation of the public sector of the economy of Kazakhstan in the formation of income and expenditure of households. The authors use the methodology of national accounts - 93 and its use to assess the dynamics and structure of the revenue figures of the households.

Key words: income and expenses of house farms, gross internal product, individual and collective services.

УДК 330.101.541 (574)

Г.К. Байбашева,

Т.П. Притворова, экономика ғылымдарының докторы
Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)
e-mail: kaf_finance@ineu.edu.kz

Әлеуметтік-экономикалық жүйедегі орта класты сәйкестендіру

Аңдатпа. Бұл мақалада қоғамның әлеуметтік-экономикалық топтарының идентификациясы табыстың ғана емес, шаруашылықтың тауарлар мен қызметтерді тұтынуымен де анықталады.

Түйінді сөздер: үй шаруашылығының тыбысы мен шығындары, жалпы ішкі өнім жекеменшілік және ұжымдық қызметтер.

Қазіргі ғылымда «Орта класс» категориясын түсінудегі қарама-қайшылық орта класты зерттеу әдістерінің көптігіне, соның нәтижесінде зерттеу нысанына алынып отырған топтың құрылымы мен көлеміне байланысты мәселелерді шешуде әр қилы нәтижелерге апарып соқтырады.

Бүгінгі таңда экономикалық және әлеуметтік зерттеулерде орта кластың идентификациясы негізгі үш әдіс бойынша анықталады.

Субъективтік әдіс идентификацияның әлеуметтік-психологиялық әдісі болып табылады және ең алдымен өзін жұмысшы таптың өкілі деп санамайтын, бірақ элитаға тән өмір салтын ұстануға мүмкіндік беретін табысы мен дүниесі жоқ жеке тұлғаның белгілі бір әлеуметтік топқа әлеуметтік-психологиялық қатынасын білдіреді.

Егер жеке тұлға өз әлеуметтік жағдайының бағалау көрсеткіштерін айқын түсінетін болса, бұл әдіс жақсы нәтиже береді. Қазақстан экономикасында қоғамның әлеуметтік құрылымы әлсіз болғандықтан және жеке санада белгілі бір қоғамдық кластарға жатқызу көрсеткіштері нақты болмағандықтан, бұл әдісті басқа әдістермен бірлікте алып қолдану ғана мүмкін.

Нормативтік әдіс дамыған батыс қоғамының үлгісі бойынша қалыптасқан орта кластың типтік үлгісіне негізделеді. Батыс ғылымында материалдық әл-ауқат және кәсіби-лауазымдық мәртебелер - орта класс идентификациясы өлшемдерінің кеңінен таралған белгілері болып есептелетіндіктен, кәсіби-лауазымдық мәртебе негізінде анықталған топтар - орта кластың әлеуметтік базасы болып табылады, ал әлеуметтік-экономикалық мінездемелер жеке тұлғаның аталмыш әлеуметтік бірлестікке дәлме-дәл келуін анықтайды. Орта кластың осындай үлгісі отандық социумға тән болып келеді және айқындалған топтарды орта кластың құрамдас бөлігі ретінде санайды. Әдеттегідей, бұл топқа ҰЕЖ (ұлттық есеп жүйесі) - 93-те экономиканың корпоративтік емес секторына жататын дәстүрлі шағын кәсіпкерлік, сондай-ақ нақты бір тарихи мерзімде жоғары ақылы мен мәртебелі экономикалық салаларда қызмет ететін жоғары білікті жалданбалы қызметкерлер жатады. Сонымен бірге, түрлі қоғамның орта қабаты бір-біріне әрдайым ұқсас бола бермейді: даму деңгейі және экономикалық құрылымы, сондай-ақ әртүрлі елдердегі тұрғындардың өмір сүру деңгейі бір-бірінен айтарлықтай өзгешеленуі мүмкін.

Релятивистік әдіс орта класқа қандай топтардың кіретініне қарамастан, оларға тән қажетті (бірақ жеткіліксіз белгілер): материалдық әл-ауқат және игіліктерді тұтынудың сипаты, кәсіби-лауазымдық мәртебе (еңбектің мазмұны және сипаты, кәсіби қызметтің күрделілік деңгейі), мобильділік әлеуеті, әлеуметтік мәртебесі болуы керек.

Егер нормативтік әдіс индукция әдісіне сүйеніп, бірқатар әлеуметтік-экономикалық белгілердің негізінде (мысалы, кәсіпкерлер санатына жатуы немесе жоғары білімінің болуы) осы қасиет иелерінің орта класқа жататындығы туралы қорытынды жасаса, ал релятивистік әдіс оған (нормативтік) қарама-қарсы әдісті пайдаланады. Материалдық әл-ауқаттың деңгейі, еңбектің мазмұны мен сипаты және т.б. көрсеткіштердің жиынтығы негізінде жеке тұлғаның орта класқа жататындығы туралы қорытынды шығарылады. Демек, бұл әдіс дамыған елдерде бекіген орташа қалыптан елеулі айырмасы бар нақтылы бір әлеуметтік топтарға байланып қалмайды.

Бұл әсіресе, мемлекеттік және жеке меншік секторларындағы жалданбалы қызметкерлердің материалдық мәртебесіндегі айырмашылық анық байқалатын Қазақстан үшін көкейкесті. Еңбек ақы төлеудегі салааралық айырмашылықтардың «мен мұндалайтыны» соншалық, мұнай өндірісінде жұмыс істейтін экономистің табысы денсаулық сақтау саласында қызмет ететін экономистің табысына қарағанда әлдеқайда жоғары.

Жоғары білімнің болуы - өз-өзінен оның иесінің білім деңгейінің сапалы екенін білдірмейді.

Біз ресейлік ғалымдардың «орта класты қандай да бір әлеуметтік көрсеткіш-белгі негізінде анықтауға болмайды, ол ресурстық және мәртебелілік көрсеткіштерді де, сондай-ақ аталмыш қоғамдық топтың қызметін де бірлікте алатын белгілі бір көрсеткіштер жүйесімен сипатталады» деген пікірімен келісеміз.

Сонымен қатар авторлар көрсеткіштерді бір орталыққа шоғырландыру әдісін пайдалана отырып көп көрсеткіштерге қол жеткізу үшін барлық қажетті көрсеткіштерден тұратын эмпирикалық базасы болуы керек екендігін әділ атап өтеді. Мұндай көрсеткіштердің қажетті жиынтығына материалдық әл-ауқат, білім, лауазымдық мәртебе, өзін-өзі тану және т.б. жатады. Қазіргі уақытта отандық ғылым осы ақпараттық базаға ие емес екендігі анық.

Біз орта класты идентификациялауда релятивистік әдісті ұсынамыз. Себебі, бұл әдіс бойынша қандай да бір нақты әлеуметтік топтарға сүйенбейді, бірақ жеке тұлғаны қоғамдағы орта класқа жатқызуға мүмкіндік беретін көрсеткіш негізінде жеке тұлғаны орта класқа телиді. Біздің ойымызша, бұл әдіс - орта класс өкілдерінің әлеуметтік-экономикалық мінездемелері бір-біріне қарама-қайшы болғандықтан орта класты анықтау қиынға соғатын өтпелі экономика үшін өзекті болып табылады.

Ұсынылып отырған көрсеткіштің теориялық негізі ретінде біз ПРООН түсіндірмесіндегі жеке тұлғаның мүмкіндіктерін кеңейту туралы «Адам дамуы» концепциясын атаймыз. Бүгінгі қоғамдағы жеке тұлға дамуының мақсаты - өз өмірлік ұстанымдарын жүзеге асыруға қабілетті бола алуы. Өмірлік ұстанымның құрама элементтері әр түрлі қызмет түрлерін ұсынады. Бұл қызмет түрлері қарапайым (физиологиялық қажеттілік) немесе әлеуметтік те бола алады. Мүмкіндік дегеніміз – адамның таңдау

жасай алуы, яғни түрлі әрекеттер немесе қызметтік түрлерді өзара байланыстыра алуға мүмкіндігінің болуы. Әр түрлі әрекеттер мен әлеуеттің бірлігі ретіндегі өмірге деген көзқарас мүмкіндіктер категориясының маңыздылығын арттырады және идентификация үшін базалық қағида болып табылады.

Ағылшын социологі З. Браун бұл туралы былай деп жазды: «Барлық адамдарда бостандық пен тәуелділіктің ара-қатынасы біркелкі емес. Мысалы, таңдаудың анық, нақты оқиғаға айналуындағы қол жетімді ресурстардың атқаратын ролін ескерсек те жетеді. Сондай-ақ, болашақ өмірлік ұстанымдарды қалыптастыру мен қажетті мақсаттарды таңдаудағы «көкжиектердің» алдын-ала белгіленген әлеуметтік орналасу ролін де естен шығармауымыз керек. Барлық адамдар ерікті, әйтсе де олардың кейбіреулері басқаларға қарағанда анағұрлым еркін; олардың таңдау аумағы де кеңірек екенін түсіну үшін осы аталған екі факторды ескерсек те жеткілікті. Бір кездері өз өмірлік мақсаттарына қатысты шешім қабылдап, оған жету үшін мол ресурстарды (ақша, білім, байланыстар, тәрбие) пайдалана алады. Олар өзгелерге қарағанда өз қалауларын жүзеге асыруда, тиісті нәтижелерге қол жеткізуде ешкімге тәуелді емес.

Бостандық пен тәуелділіктің ара-қатысы жеке тұлғаның немесе адамдардың қоғамдағы орнының көрсеткіші бола алады. Артықшылық деп отырғанымыздың өзі мұқият қараған жағдайда бостандықтың басымдығы, тәуелділіктің аздығы екен. Айрықша құқығы жоқ адамдар үшін бәрі де керісінше болып шығады».

Басқаша айтсақ, даму стратегиясы дегеніміз - бұл қоғамның белгілі бір тарихи даму кезеңінде жеке тұлғаның биологиялық және әлеуметтік мінездемелерінің қалыпты деңгейі болып табылады, мұның өзі сол қоғамға қосылуға мүмкіндік береді.

Кез келген қоғамдағы орта кластың ауқымын кеңейту - адамға мүмкіндік беру мәселесіне саяды, аталмыш мүмкіндіктер қоғамның қажетті материалдық ресурстармен қамтамасыз етуі және жеке тұлғаның осы ресурстарды пайдалануына жол беруі арқылы жүзеге асырылады, ал еңбексүйгіштіктің арқасында жеке тұлғаның өз мүмкіндіктерін пайдалана алуы арта түседі. Әлеуметтік әділеттілік тұжырымдамасы бойынша қоғамның әрбір мүшесі әлеуметтік жағдайына емес, қабілет-қасиетіне сай қоғамнан өзіне тиесілі орнын алуы керек.

Нарықтық экономика жағдайында жеке тұлғаның мүмкіндіктері табиғи трансферттер (тегін білім алу, денсаулық сақтау, мәдениет) есебінен және шаруашылық табыстары есебінен қалыптасады.

Бала эксклюзиясы мәселелері бойынша зерттеулер нәтижелерін қорытындылай келе Ph.R. Маграб жанұяның табысы - балалардың жан-жақты, дұрыс дамуын қамтамасыз ететін түбегейлі фактор болып табылатынын айтады.

Орта кластың идентификациясының әдіснамалық негіздеуінде табыс - орта кластың негізгі белгілерінің бірі болып табылады. Тіпті табыс деңгейі жүйе жасаушы ретінде алынады.

Қазіргі ҰЕЖ (ұлттық есеп жүйесі)-ға негіз болып қаланған Дж.Р. Хикс идеялары бойынша табыс - «белгілі бір уақыт аралығында жұмсауға болатын қаражат» болып табылады.

Петер фон Липе, осы анықтаманы нақтылай келе шаруашылық табысы - бұл «шаруашылықтың өз мүлігінің нақты бағасын азайтпай жұмсай алатын қаражаты» дейді. Ол тұтыну негізіндегі «кеңейтілген» табыс тұжырымдамасының тиімділігін мойындай отырып, шаруашылықтағы адамның қызметін, нақты төлемді, шартты есептелген табыстарды, тегін қызметтерді «қосынды табыстың құрамына» қосу мүмкіндігін ескереді. Осыған байланысты Фон Петер дер Липе табыстың кең мағынадағы анықтамасын ұсынады, аталмыш анықтама бойынша табыс дегеніміз - ұлттық өнімге қол жеткізу мүмкіндігі немесе белгілі бір мерзім ішінде шаруашылыққа келіп түскен барлық қаражат.

Сайып келгенде, қоғамның әлеуметтік-экономикалық топтарының идентификациясы табыстың ғана емес, шаруашылықтың тауарлар мен қызметтерді тұтынуымен де анықталады.

Және де бұл жерде көрсеткіштің сандық мәнін қалай анықтауға болады деген сауал туындайды: табыс және тұтынудың қандай деңгейін орта класс өкілдерінің деңгейі деп есептеуге болады?

Осы сауалға жауап беру барысында біз әлемдік экономикалық ой-пікірлерге сүйендік.

Ең алдымен, дереккөз ретінде П. Сауэльсонның әл-ауқат өлшемі теориясын келтіруге болады, аталмыш теорияның негізгі қағидалары бойынша өмір сүру деңгейі қажетті қаражат көлемімен өлшенеді. Пайдалылықтың ақшалай өлшемінің тұжырымдамасы шаруашылықтың алдын-ала белгіленген бюджет және бағалар шеңберінде пайда көзін арттыру мақсатында игіліктерді тұтынатын түрін қарастырады. Игіліктерді тұтынудағы тұтынушының қалауы мәнсіздік қисықтығы жүйесі ретінде қарастырылады, олардың әрқайсысы біркелкі әл-ауқатты қамтамасыз ететін игіліктердің комбинациясын байланыстырады.

Жоғары орналасқан мәнсіздік қисықтығы төменде орналасқандармен салыстырғанда әл-ауқаттың неғұрлым жоғары деңгейін көрсетеді. Әрбір мәнсіздік қисықтығы әл-ауқаттың осы деңгейіне немесе өмір деңгейіне сәйкес келеді, бұның өзі мәнсіздік қисықтықтарын белгілеп, қисықтықтағы әрбір шаруашылықтың орнын табу үшін қажет.

Суретте игіліктер санының векторы I қисықтығы үшін OA және J қисықтығы үшін OB көрсетілген. Егер екі мәнсіздік қисықтығына қол жеткізу үшін қажетті қаражат көлемін анықтасақ (қисықтықтың көлемі базистік бағамен өлшенеді), онда қисықтықтарға жетудегі табыс шығыны - бұл П. Самуэльсон тұжырымдамасына сәйкес пайдалылықтың ақшалай өлшемі болып табылады.

Біздің әдіс үшін мәнсіздік қисықтықтардың жеке сұраныстарға бейтараптығы маңызды, бірақ табыстың өсуі шаруашылықтың мәнсіздік қисықтығының анағұрлым жоғары деңгейінде орналасуына

апарып соғады, себебі ол игіліктердің өзге көлемін тұтынады. Тұрмысы төмен шаруашылыққа сай келетін мәнсіздік қисықтықтар бар және біздің міндетіміз - тұтынылатын игіліктердің қандай жиынтығы шаруашылықтың тұтынушылық қабілетін өзгерте алатынын анықтау. Демек, басқаша айтқанда, қандай мәнсіздік қисықтығы және шаруашылық тұтынатын игіліктердің қандай жиынтығы орта класқа сәйкес келеді, ал тұтынатын игіліктердің қандай жиынтығы неғұрлым төмен өмір сүру деңгейіне сәйкес келеді.

Біздің ұсынып отырған әдісіміз жеке өмірлік мақсаттарын жүзеге асыруда аздаған ғана мүмкіндікке ие жеке тұлғаның «тіршілік ету» стратегиясын өмірлік мақсаттарын таңдауда көп мүмкіндікке ие бола алатын адамдардың «даму» стратегиясына ауыстыруға қажетті кірістің жан басына шаққандағы орташа жиынтық деңгейін анықтауға жағдай жасайды. Олар өзінің өмірлік мақсаттарына қатысты шешім қабылдағанда, сол мақсатқа жету үшін мол ресурстарға (ақша, білім, тәрбие) иелік етеді. Сөйтіп, олар өз қалауларында еркінірек, ойлағанын іске асыруда және алға қойған мақсаттарына жетуде мол мүмкіндіктерге ие болады.

Бұл, біріншіден, игіліктерді тұтыну құрылымы арқылы жүзеге асатындықтан біз шаруашылық шығындарын зерттеуге назар аударамыз. Белгілі бір кезеңдегі тұтынушылар шығындары құрылымында шаруашылықтың тауарлар мен қызметтерді тұтынудағы нақты мүмкіндіктері көрініс табады, сайып келгенде бұның өзі «даму» стратегиясын жүзеге асыру үшін қажетті әлеуетті анықтайды.

Жеке тұлғаның тұтынушылық шығындарын сипаттау үшін біз «стратегия» категориясын таңдадық. Қоғамдық ғылымдарда «стратегия» термині туралы әр түрлі анықтамалардың орын алғанын ескеруіміз қажет. Г. Кроу оны – «ұзақ мерзімді перспективада саналы рационалды шешімдердің болуы» десе, Д. Морган «стратегия ресурстарды бөліу мен пайдалануға қатысты шешіммен ажырағысыз байланыста» деп санауды ұсынады.

Бұл жерде ұзақ мерзімді перспективада өзінің болашағын жоспарлау мен алға қойылған мақсаттарға жету үшін саналы түрде жасалатын әрекеттер жүйесі туралы мәселе сөз болып отыр.

Бұл ретте біз мынандай алғышарттарды қолданамыз:

- тұтынушылардың шығындары мен жинақтаулары – бұл шығын қызметі туралы Дж. Кейнс қағидасы. Сонымен, тұтынушылық шығындар жеке тұлғаның жасырын кірістерін айғақтайды;

- жеке тұлғалардың шығындарын көрсететін шығын қызметінің әр қилы түрлері шаруашылық жүзеге асыратын тұтынушылық стратегиялардың көптігін көрсетеді. Сондықтан мұндай стратегияларды біз екі топқа жіктейміз. Ал жіктеу принципі - орта және ұзақ мерзімді кезеңде белгілі бір мүмкіндіктердің болуы немесе болмауы болып табылады;

- жеке тұтынушылық стратегияларының өзгешелігіне қарамастан бір мәнсіздік қисықтығында орналасқан шаруашылықтар өзінің өмірлік жоспарларын жүзеге асыруда мүмкіндіктері бойынша бір деңгейде тұрады.

Осы алғышарттар негізінде шаруашылықтың тиісті активтерге (белгілі бір экономикалық іскерлік типінен алынатын кіріс) ие болу есебінен белгілі бір ресурстарға қол жеткізе алу қабілетін сипаттайтын «даму» стратегиясының 10 белгісін атап көрсетуге болады:

- жеке қолданыстағы қымбат киімдерді (қысқы киім, аяқ киім, т.с.с.) тозғанына дейін ауыстыру мүмкіндігі;

- ұзақ уақыт пайдаланатын заттарды (автокөлік, тоңазытқыш, теледидар және т.б.) тозғанына дейін ауыстыру мүмкіндігі;

- отбасында «ғылыми-техникалық прогресс тауарларының» болуы (компьютер, Интернет желісіне қосылған компьютер, ұялы телефон және т.б. электронды құрылғылар);

- ақылы емханалар мен ауруханалардың қызметін пайдалану мүмкіндігі;

- балалардың ақылы білім алу мүмкіндігі (репетиторлар, тілдерді үйретудің ақылы курсы, ақылы орта мектептер мен ЖОО);

- үйден тыс жерде тамақтану мүмкіндігі;

- үйден тыс жерде демалу өткізу мүмкіндігі;

- жинақтаулардың болуы;

- экономикалық жағдай нашарлаған кезде қордың болуы (мысалы, жұмыстан айырылу, экономикалық дағдарыс);

- мәдени игіліктерді пайдалану мүмкіндігі (кино, театр, концерттер);

- денаулық, мүлік, өмірді және т.б. сақтандыру қызметтерін пайдалану.

Шаруашылықтың шығындық стратегиясы құрамын талдау негізінде біз өмір стратегиясының белгілі бір нұсқасын жүзеге асыру туралы қорытынды жасаймыз және осындай шығындар құрылымының болуын анықтайтын жан басына шаққандағы шығындардың эмпирикалық түрде көрсетілген деңгейін белгілейміз.

«Даму» стратегиясын үй шаруашылығындағы адамдардың экономикалық еркіндік деңгейінің болуы ерекшеленеді. Мұндай еркіндік тек алғашқы қажеттіліктерді (тамақтану, коммуналды төлемдер және т.с.с.) қанағаттандыру ғана емес, сонымен бірге екінші реттегі әлеуметтік қажеттіліктерді өтеу. Бұл қажеттіліктердің қанағаттандырылуы жеке бас өмір стратегиясын жүзеге асыруға жол ашады. Сипатталып отырған шығындық стратегия өкілдері ұзақ уақыт пайдаланатын заттарды, жиһаз-мүлікті, жеке

қолданыстағы заттарды жаңасына және заманға лайық тауарларға еш қиындықсыз ауыстыра алады. Мұндай үй шаруашылықтарының көбінің отбасыларында кабельді теледидар, ғылыми-техникалық прогресс тауарлары бар, ақылы емханаларға бара алады, үйден тыс жерде тамақтанады, балаларын ақылы мектептер мен басқа да оқу мекемелерінде оқыта алады, өмірін және дүние-мүлкін сақтандыруға мүмкіндігі бар.

Бұл ретте «тіршілік ету» стратегиясы біздің тарапымыздан алғашқы қажеттіліктерді (тамақтану мен киім) қанағаттандыру және екінші реттегі әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыра алмау деп түсіндіріледі. Бұл ұзақ пайдаланылатын заттардың жаңартылуына, ал ең бастысы ғылыми-техникалық прогресс тауарларына (компьютер, Интернет, шетел каналдары бар кабельді теледидар) қол жеткізу мүмкіндігінің жоқтығы. Егер жеке тұлғаның табыстары тек тамақтануға, тозған заттарды жаңартуға, тегін мемлекеттік емханаларға баруға ғана жетсе, ал демалысын үйде өткізсе біз мұны «тіршілік ету» стратегиясы деп табамыз. (Қоғамның экономикалық дамуының жаңа сатысында алғашқы әлеуметтік қажеттіліктер қатарына тауарлар мен қызметтердің бұдан да кең ауқымын жатқызуға болатын шығар, себебі алғашқы қажеттіліктер деген ұғым тұрғындардың тұтынуы мен жалпы көпшіліктің өмір сүру деңгейіне байланысты).

Қоғамда «даму» стратегиясының жеке бағыттарын жүзеге асыра алатын, бірақ оның толық нұсқасын қажетті табыстардың болмауынан қолдай алмайтын аралық қабат өкілдері болады. Егер олар өздерінің шығындарын білім алу қызметтері мен ғылыми-техникалық прогресс тауарларына жұмсай алатын болса, жоғары білімдері болса, өздері жастарға жатса, онда оларды жаңа экономикалық қатынастардың қалыптасу жағдайында «даму» стратегиясын толық жүзеге асыруға қабілетті орта класқа үміткерлер қатарына жатқызуға болады.

Сонымен, егер белгі-қасиеттерді шоғырландыру әдісін қолдансақ, «даму» стратегиясын сипаттайтын орта класс өкілдері өздерінің шығын стратегиясында 11-8 белгіге ие, ал аралық стратегия өкілдері 6-7 белгіге ие. Егер «тіршілік ету» стратегиясының өкілдері 4-5 белгіге ие болып, білім алу мен өзін-өзі жетілдіруге қабілеттілігімен ерекшеленсе, олардың орта клас өкілдеріне айналу мүмкіндігі бар.

Айтап өтерлік жайт, біз қолданып отырған әдіс материалдық әл-ауқат белгісі бойынша шаруашылықты орта класқа телу үшін шығын стратегиясы мен жан басына шаққандағы кірістің деңгейін (сауалнама толтырушының сөзінен) анықтауға мүмкіндік береді.

Орта кластың кіріс деңгейлерін қосымша тексеру үшін әлеуметтік сауалнама әдісінен басқа үй шаруашылығы өмірінің деңгейін жыл сайынғы ресми статистикалық тексерудің нәтижелері негізінде шығын стратегиясын бағалау әдісін пайдалану дұрыс.

Сонымен қоса екі әдістің де тұрғындардан алынған әлеуметтік сауалнама нәтижесіне негізделгенін айта кету қажет, ал екінші жағдайда ол тұрғын үй тізімдемесін есепке ала отырып жасалатын статистика бойынша Қазақстан Республикасы Агенттігінің сұрыптауы негізінде жүзеге асады. Бұдан басқа статистикалық зерттеу - тексеріліп отырған үй шаруашылығының ай сайынғы шығын құрылымының нақты сандық өлшемі болып табылса, бұндай нәтижеге әлеуметтік зерттеуде сауалнама (сұхбат) әдісі арқылы қол жеткізу мүмкін емес. Шығын құрылымын нақты сандық тұрғыдан өлшеу оларды статистикалық және математикалық әдістер негізінде талдауға мүмкіндік бреді.

Математикалық әдіс негізінде үй шаруашылығының кіріс құрылымдарына талдау жасауда біз А. Маслоу мен Э. Энгель теорияларына сүйендік.

Үй шаруашылығы қолданатын тауарлар мен қызметтерді А. Маслоудың теориясы бойынша алғашқы қажеттіліктер және екінші реттегі (немесе әлеуметтік) қажеттіліктер деп бөлуге болады. Үй шаруашылықтарының өмір сүру деңгейін зерттеу әдісіне сәйкес отбасылар пайдаланатын тауарлар мен қызметтер тізімінде алғашқы қажеттіліктер де, екінші реттегі қажеттіліктер де бар. Тұтыну құрылымында келесі тауарлар мен қызметтердің болуына байланысты «Даму» стратегиясының жүзеге асуын анықтауға болады: үй тұрмысындағы ұзақ уақыт пайдаланылатын тауарлар; химтазалау; жеке көлік үшін тұрақ; сұлулық салоны; ересектерге арналған спорткешен; кино мен концерттер; музыкалық білім; репетиторлық; жолдамаларды сатып алу; сақтандыруға салық; көлік құралдарын жөндеу.

Біздің әдістемемізге сай отбасының шығындар құрылымында мұндай қызметтердің болуы оның орта класқа жататынын көрсетеді.

Тәуелсіз әлеуметтік сауалнама нәтижелерін нақтылайтын жыл сайынғы зерттеудің статистикалық деректерін қолдану даму стратегиясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кірістердің шекарасын анықтауға мүмкіндік береді. Сөйтіп бұл әдіс орта кластың әлеуметтік квазитобын медианды немесе қоғамдағы жан басына шаққандағы кіріске тәуелді етпейді.

Қоғамның аз қамтамасыздандырылған топтары мен орта класс арасындағы айырмашылықты көрсету үшін базалық тұжырымдама ретінде кірістің артуымен оның азық-түлікке жұмсалатын бөлігі төмендейтінін, киімге, тұрғын үйге жұмсалатын бөлігі өзгере қоймайтынын, ал басқа шығындар бөлігі өсетінін анықтаған Э. Энгель идеясын пайдаландық.

Өте кедей үй шаруашылықтарында кірістің артуымен азық-түліктерді пайдалану артады. Жеке басқа шаққандағы кірістің өсуімен азық-түлікке жұмсалатын шығын да артады. Алайда кедей үй шаруашылығының кірістерінің өсуімен шығындарының өсу қарқыны бәсеңдеп, белгілі бір сәтте мүлдем тоқтайды (одан кейін кемуі де мүмкін). Тамақтануға кететін шығындардың өсімі кіріс өсіміне қарағанда

баяу жүреді. Және белгілі бір кезеңде кірістің өсуімен тамақтануға кететін шығындардың өсімі де тоқтайды.

Бұл жағдайда кірістің әрі қарай өсуі мүмкіндіктердің кеңеюі арқылы, жекелей алғанда, екінші реттегі қажеттіліктерді қанағаттандыру арқылы көрінетін өмір сүру деңгейінің өсуін білдіруі мүмкін. Бұл біздің әдістемеміз бойынша орта класс өкілдеріне тән. Сондықтан алғашқы қажеттіліктерге шығындардың өсімі нөлге тең болуын орта кластың ең төменгі кірісі деп белгілейміз. Статистикада мұндай тәуелділік көбіне екінші тәртіп параболасына арналған регрессивті-корреляционды модельмен, жекелей алғанда, аналитикалық функциямен сипатталады.

Орта класс өкілдерінің кіріс деңгейін анықтау әдісіміз олардың тамақтануға кететін шығындарын талдауға сүйенеді. Сонымен қатар екінші реттегі қажеттіліктерді қанағаттандыратын тауарларға кететін шығын сараптамасы да орта кластың кіріс бойынша шекарасын анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен, біз әдетте нарықтық экономиканың әлеуметтік бағыттылығын күшейтетін көрсеткіш деп саналатын кірістердің әртүрлі үлестірілуінің дәстүрлі емес көрсеткіштерін құп көрдік. Шынына келгенде теңсіздіктердің қай бөлігі қайта бөлу есебінен, қай бөлігі трансфертті кірістер деңгейінің жоғарылауы есебінен қысқарғанын анықтау қиын. Сондықтан біз экономиканың әлеуметтік бағытталуы көрсеткіші ретінде өз көзқарасымыз бойынша, еңбек негізінде дамудың сапалы белгісі болатын орта класс санының қалыптасуы мен динамикасын таңдадық.

Біз қандай да болмасын нақты әлеуметтік топтарға сүйенбейтін, жалпылама көрсеткіш негізінде жеке тұлғаны орта класқа жатқызатын релятивистік әдісте жүзеге асатын орта класты идентификациялауды ұсынамыз.

Аталмыш көрсеткіштің теориялық негізі ретінде ПРООН бойынша жеке таңдау мүмкіндігінің кеңеюі деп түсіндірілетін «адам дамуы» концепциясын ұсынамыз. Дамудың мақсаты - жеке тұлғаның еркіндік деңгейінің өсуі, қалап отырған өмірлік мақсаттарын жүзеге асыру үшін мүмкіндіктерінің болуы.

Бұл ретте біз П. Самуэльсонның өмір сүру деңгейін қажетті ақшалай қаржының көлемімен өлшейтін әл-ауқаттылықты өлшеу теориясына сүйенеміз. Ұсынылған теория әл-ауқаттылықты мәнсіздік қисықтық жүйесі негізінде өлшейді.

Біздің міндетіміз - «тіршілік ету» стратегиясына сай келетін мәнсіздік қисықтығы қандай кіріс деңгейінде «даму» стратегиясына сай келетін мәнсіздік қисықтығына ауысатынын анықтау. Сонымен бірге шаруашылықтың тиісті активтерге (белгілі бір экономикалық іскерлік типінен алынатын кіріс) ие болу есебінен белгілі бір ресурстарға қол жеткізе алу қабілетін сипаттайтын тұтыну стратегияларының сапалық-сипаттамалық мінездемесі беріледі. Сәйкес стратегиялары бар әлеуметтік топтардың идентификациясы әлеуметтік әдістер мен статистикалық сараптау негізінде жүзеге асуы мүмкін.

Әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерін растау мен нақтылау үшін біздің тарапымыздан үй шаруашылығы кірістерінің өсуімен азық-түлікке кететін шығынның қысқару белгісі бойынша орта кластың үй шаруашылықтарын анықтайтын Э. Энгель қисықтары негізіндегі әдістемені ұсынамыз. Жыл сайынғы үй шаруашылықтарының өмір сүру деңгейі зерттеу негізінде біздің тарапымыздан үй шаруашылығында азық-түлік өсімі нөлге тең болатын кіріс деңгейін бағалау ұсынылады. Зерттеу тұрғындардың шығын құрылымдарының дәл сандық көрсеткіштерін бере алатындықтан, мұндай болжамды тексеру мүмкіндігі бар.

Біз ұсынып отырған екі зерттеу әдісі негізінде алынған нәтижелер орта класс кірісінің төменгі шекарасын анықтап, айқындайды.

РЕЗЮМЕ

Г.К. Байбашева,

Т.П. Притворова, доктор экономических наук

Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)

Идентификация среднего класса в социально-экономической системе

В данной статье автор определяет идентификацию социально-экономических групп общества оценкой не только доходов, но и потребления домохозяйствами товаров и услуг.

Ключевые слова: *доходы и расходы домашних хозяйств, валовой внутренний продукт, индивидуальные и коллективные услуги.*

RESUME

G. Baibasheva

T. Prityvorova, Doctor of Economic Sciences

Innovative University of Eurasia (Pavlodar)